



АҚПАРТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 4 желтоқсан

2017 жылғы 24 қарашадан 1 желтоқсан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

30 қарашадағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,3%-ға (330,397-дан) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 331,22 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 24 қарашадан 1 желтоқсан аралығындағы маңызды оқиғалар Ұлыбританияның Еуропалық Одақтың құрамынан шыққаны үшін өтемақы төлеу бойынша келіссөздердегі алға басулар, мұнай өндіру көлемдерін қысқарту бойынша ОПЕК және ОПЕК+ арасындағы келісімді ұзарту, АҚШ Конгресінде салық реформасы жөніндегі жарыссөздер, Федералдық Резервтік Жүйенің қызметтен кететін басшысы Дж. Йелленнің экономикалық есебі, сондай-ақ ФРЖ-нің болашақ басшысы Дж. Пауэллдің Конгресс алдындағы сөзі болды. Осы факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда біраз құбылмалығына әкеліп соқты.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Бразилия реалы** зейнетақы реформасын қабылдау бойынша үкіметтің дауыс беруіндегі екіұштылығы аясында 0,9%-ға (3,23-тен 3,26-ға) әлсіреді;
- **Ресей рублі** Ресейге қарсы қабылданған секторалдық санкциялардың күшіне енуі және Ресейдің мемлекеттік борышына инвестициялау бойынша ықтимал шектеулер енгізу аясында 0,8%-ға (58,45-тен 59,90-ға) әлсіреді;
- **Мексика песосы** 0,4%-ға (18,56-дан 18,63-ке) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** 0,1%-ға (13 504-тен 13 523-ке) әлсіреді;
- **Үндістан рупиясы** 0,4%-ға (64,70-тен 64,46-ға) нығайды;
- **Түрік лирасы** 1,3%-ға (3,96-дан 3,91-ге дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка рэнді** 3,1%-ға (14,16-дан 13,74-ке) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына
қарағанда өзгеруі, %
(2017 жылғы 24 қараша- 1 желтоқсан)**



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz